

FTAMP 14.01.11

DOI 10.59941/2960-0642-2025-4-153-167

Мұғалімнің бағалау сауаттылығының дамуы: әдебиетке жүйелі шолу

Е.Ж. Сармурзин¹, Ә.Қ. Алматова^{*2}

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

*aigerim.almatova@ayu.edu.kz



Аңдатпа. Бұл шолу мақаласы мұғалімнің бағалау сауаттылығы тұжырымдамасының қазіргі білім беру жүйесіндегі көпқырлы эволюциясын, әдіснамалық трансформациясын және практикалық қолданылуын терең талдауға арналған. Зерттеу бағалау сауаттылығының дәстүрлі психометрикалық парадигмадан бастау алып, әлеуметтік-мәдени және контекстік модельдерге дейінгі даму траекториясын қарастырады. Шолу мақаласы 2005-2025 жылдар аралығын қамтитын 28 іргелі халықаралық зерттеулердің анализіне негізделген. Мақалада мұғалімнің бағалау құзыреттілігі тек техникалық дағдылар жиынтығы емес, оқыту сапасын арттырудың, оқушының өзін-өзі реттеу қабілетін дамытудың және білім берудегі теңсіздікті азайтудың қуатты құралы ретінде негізделеді.

Ерекше назар цифрлық дәуірдің сын-қатерлеріне аударылған. Жасанды интеллект пен автоматтандырылған бағалау жүйелерінің пайда болуы бағалау сауаттылығының мазмұнын түбегейлі өзгертіп, TALIDE (Teacher Assessment Literacy in Digital Environments) және GLAT (Generative AI Literacy Assessment Test) сияқты жаңа өлшем құралдарын қажет ететіні дәлелденеді. Зерттеу қорытындысында қазақстандық білім беру жүйесі үшін бағалау сауаттылығын дамытудың контекстке бейімделген, технологиялық интеграцияланған және этикалық тұрғыдан негізделген жаңа стратегиялары ұсынылады.



Кілтті сөздер: мұғалімнің бағалау сауаттылығы, бағалау құзыреттілігі, цифрлық бағалау орталары, жасанды интеллект, автоматтандырылған бағалау жүйелері.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Сармурзин, Е.Ж., Алматова, Ә.Қ. Мұғалімнің бағалау сауаттылығының дамуы: әдебиетке жүйелі шолу [Мәтін] // Ғылыми-педагогикалық журнал «Білім». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №4. – Б. 153-167.

Кіріспе

Білім беру саласындағы дискурстарда бағалау мәселесі әрқашан ең өзекті тақырыптардың бірі ретінде қарастырылады [1,2]. Ұлыбританиядағы «Бағалауды реформалау тобы» (Assessment Reform Group) немесе АҚШ-тағы «Ешбір бала артта қалмасын» (No Child Left Behind) сияқты ірі білім беру реформаларын жүзеге асыру барысында бағалау білім берудегі не-

гізгі ұғымына айналды [3]. Бағалау бүгінде білім беру саясаты мен мектепті жетілдірудің қуатты құралы ретінде ғана емес [4–6], сонымен қатар мұғалімнің оқыту тәжірибесінің іргелі компоненті ретінде қарастырылады [7–10].

Осы стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, бағалау әлемдегі көптеген білім беру жүйесінде оқу бағдарламасының негізгі қағидаты және мұғалім кәсібилігі мен

оқыту сапасының негізгі аспектісі ретінде анықталды [11–13]. Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметкерлер, педагогикалық университеттер мен зерттеушілер мұғалімдерді бағалауға дайындау мәселесіне үлкен қызығушылық танытады [14–16]. Оқушыны дұрыс, сауатты, әділ бағалай білу – педагогтің кәсіби құзыреттілігінің негізгі өзегі.

Алайда бағалау сауаттылығы туралы ауқымды әдебиеттер базасының бар екендігіне қарамастан, бұл ұғым әлемдік әдебиетте, әсіресе Батыс зерттеулерінде күрделі және анықтамасы даулы тұжырымдама болып қала береді. Ал қазақстандық контексте мұғалімнің бағалау сауаттылығына қатысты зерттеулер өте аз, бұл тақырыпқа қатысты, тіпті толыққанды зерттеу, диссертациялық жұмыс жазылмаған. Зерттеулер көрсеткендей, мұғалімдер арасында, әсіресе қызметке жаңа кіріскен және тәжірибелі мұғалімдер арасында бағалау сауаттылығының деңгейі әлі де төмен деңгейде [17–19]. Мұғалімдер институттық өзгерістерге, саяси талаптарға немесе COVID-19 пандемиясы сияқты күтпеген жағдайларға бейімделу кезінде бағалау тәжірибесінде айтарлықтай қиындықтарға тап болады.

Мақаланың мақсаты – жүйелі талдау негізінде мұғалімнің бағалау сауаттылығының эволюциясын, оның құрамдас бөліктерін және қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі рөлін зерттеу. Біз бағалау сауаттылығының «стандартталған өлшеуден» «әлеуметтік тәжірибеге» дейінгі даму жолын және оның мұғалімнің кәсіби бірегейлігімен байланысын қарастырамыз.

Тұжырымдамалық негіздеме

Қазіргі білім беру ғылымында «мұғалімдердің бағалау сауаттылығы» (МБС) ұғымы өзінің мазмұндық сипаты жағынан күрделі түлеу кезеңін, нақтырақ айтсақ, терең онтологиялық және гносеологиялық өзгерістерді еңсеріп жатыр. Тарихи тұрғыдан алсақ, бұл ұғым психометриялық парадигма аясында қалыптасып, ұзақ уақыт бойы өлшемдердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін тех-

никалық дағдылар жиынтығы ретінде ғана қарастырылып келді. Алайда бүгінгі таңда құралдық ұтымдылыққа негізделген ескі логика дәрменсіздік танытатын жаңа сын-қатерлер пайда болды. Есеп беру стандарттарының жаһандық деңгейде күшеюі, оқу процесінің жаппай цифрлануы және әлеуметтік теңдік мәселелерінің өткір қойылуы – осының барлығы құзыреттіліктің қатып қалған (статикалық) үлгілерінен арылып, нақты жағдай мен ортаға икемделген (динамикалық) тұжырымдамаларға көшуді талап етеді.

Бұл бөлімде МБС зерттеулерінің қазіргі өрісін жүйелеуге бағытталған кеңейтілген тұжырымдамалық негіздеме ұсынылады. Біз сауаттылықты «терминдерін білу» деп түсінетін тар шеңберлі көзқарастан бас тартып, бағалауды күрделі әлеуметтік тәжірибе ретінде қарастыратын кешенді тәсілді ұстанамыз. Біздің пайымдауымызша, қазіргі ұстаз – оқушы жетістігін жай ғана тіркеуші немесе бағалаушы емес. Мұғалім – қарама-қайшы әкімшілік талаптар, технологиялық қысым және этикалық қайшылықтар қыспағында жүріп, оқу процесіне жаңа мән-мағына дарытушы тұлға.

Ұсынылып отырған негіздеменің іргетасы ретінде Ху мен Браун [20] «Іс-тәжірибедегі мұғалімнің бағалау сауаттылығы» моделі алынды. Бұл модель бағалаудың танымдық (когнитивті), сезімдік (аффективті) және ортаға қатысты (контекстік) қырларын алғаш рет бір арнаға жүйелі түрде тоғыстырған еді. Алайда соңғы кездері білім беру саласының қарқынды өзгергенін ескере отырып, біз аталған модельдің аясын кеңейттік. Оған аса маңызды екі өлшем кіріктірілді: бірі TALIDE моделінде негізделген бағалаудың цифрлық сауаттылығы болса, екіншісі бағалауды билік пен әлеуметтік бақылау құралы ретінде сыни тұрғыдан қарастыратын сыни сана.

Бұл тұжырымдамалық жұмыстың түпкі мақсаты – мұғалімдердің бағалауға қойылатын құрғақ техникалық талаптар мен әр баланың оқуын қолдау қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті қалай табатынын зерделеуге теориялық тірек жасау. Мұғалім жүйелік кедергілерді қалай еңсереді, қолындағы ресурстарды кәдеге қалай жа-

ратады біздің концепция осы сауалдарға жауап іздеуге негіз болады.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі білім беру кеңістігінде «бағалау сауаттылығы» ұғымы педагогикалық кәсібиліктің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – мұғалімдердің бағалау сауаттылығын өлшеу, дамыту және тұжырымдау бойынша соңғы екі онжылдықтағы (2005-2025) ғылыми ізденістердің әдіснамалық эволюциясын терең талдау. Зерттеу дизайны PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) хаттамасына қатаң сүйене отырып құрылған, бұл өз кезегінде зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді [21].

Бағалау сауаттылығының табиғаты күрделі және көпқырлы. Бастапқыда бұл ұғым тек тестілеу және психометриялық өлшеулерді түсіну ретінде қабылданса [15,22], қазіргі таңда ол әлеуметтік-мәдени контекстке, этикалық нормаларға және педагогикалық шешім қабылдау процестеріне кіріктірілген кешенді құзыреттілік ретінде анықталады. Осыған байланысты, біздің әдіснамалық тәсіліміз тек позитивистік (сандық) көзқарастармен шектелмей, конструктивистік (сапалық) және прагматикалық (аралас) әдістерді біріктіруге бағытталған. Бұл әдіснамалық плюрализм зерттеу нысанын толыққанды түсінуге мүмкіндік береді. Соңғы жылдары бағалау сауаттылығын зерттеу географиясы мен контексті айтарлықтай кеңейді. Егер бұрынғы зерттеулер негізінен «Ғаламдық Солтүстік» (АҚШ, Канада, Ұлыбритания) елдеріне шоғырланған болса, қазіргі таңда Иран, Индонезия, Танзания, Гана сияқты дамушы елдердегі зерттеулердің үлесі артты. Бұл үрдіс бағалау сауаттылығының «әмбебап» моделінен гөрі, контекстке тәуелді модельдердің маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу нысанын жан-жақты қамту мақсатында біз көп сатылы және итеративті іздеу стратегиясын қолдандық. Бұл процесс жүйелілік, ашықтық және қайталанушылық принциптеріне негізделген.

Негізгі іздеу жұмыстары білім беру және психология саласындағы ең беделді халықаралық дерекқорларда атап айтқанда, Web of Science (WoS), Scopus, ERIC, PsycINFO, Google Scholar платформасында жүргізілді. Іздеу сұранысы Буль операторларын (AND, OR, NOT) және арнайы символдарды (*, «») қолдану арқылы мұқият құрастырылды.

Біз кілт сөздерді үш негізгі семантикалық топқа бөлдік:

1-топ: Популяция: «teacher*», «educator*», «preservice teacher*», «inservice teacher*», «instructor*», «faculty», «student teacher*», «lecturer*».

2-топ: Тұжырымдама: «assessment literacy», «assessment competence», «assessment capability», «data literacy», «formative assessment literacy», «language assessment literacy», «classroom assessment literacy», «student assessment literacy».

3-топ: Контекст және Нәтиже: «measure*», «instrument», «scale», «inventory», «development», «validation», «training», «professional development», «efficacy», «conception*», «belief*». Мысалы, Scopus базасы үшін қолданылған күрделі іздеу жолы келесідей болды: TITLE-ABS-KEY ((«assessment literacy» OR «assessment competence» OR «assessment capability») AND («teacher» OR «educator» OR «preservice») AND («measure*» OR «develop*» OR «impact» OR «framework*)) AND PUBYEAR > 2004.2.2.

Зерттеудің фокусын нақтылау және сапасын қамтамасыз ету үшін біз PCC (Population, Concept, Context) форматында қатаң критерийлер жиынтығын әзірледік (Кесте 1).

Кесте 1. Іріктеу критерийлері

Контекст	Критерий
Уақыт аралығы	2005 жылдан 2025 жылға дейінгі жарияланымдар. Бұл кең ауқым бағалау сауаттылығын түсінудегі эволюцияны (өлшеуге бағытталған кезеңнен әлеуметтік-мәдени кезеңге өту) және соңғы цифрлық инновацияларды толық қамтуға мүмкіндік береді.
Зерттеу нысаны	Мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары, педагогикалық мамандық студенттері
Мазмұны	Бағалау сауаттылығын анықтау, өлшеу құралдарын әзірлеу, кәсіби даму бағдарламаларының тиімділігін бағалау және бағалау практикасындағы кедергілерді зерттеу
Тіл	Ағылшын тіліндегі ғылыми зерттеулер
Жарияланым түрі	Рецензияланған журнал мақалалары, ғылыми монографиялар, диссертациялар.

Шығарып тастау критерийлері. Тек білім алушылардың үлгерімін бағалау нәтижелеріне бағытталған, бірақ мұғалімнің құзыреттілігін қарастырмайтын зерттеулер, академиялық емес материалдар (пікір мақалалары, қысқаша шолулар, блогтар), толық мәтіні қолжетімсіз материалдар, әдіснамасы анық емес немесе сипаттал-

маған зерттеулер іріктеуден алынып тасталды.

PRISMA нұсқаулығына сәйкес, әдебиеттерді іріктеу процесі төрт кезеңді қамтыды: Идентификация, скрининг, жарамдылықты тексеру және қосу [21]. Төменде әр кезеңнің нақты нәтижелері сипатталған (Кесте 2).

Кесте 2. Әдебиеттерді іріктеу процесі

Кезең	Іс-әрекет және дереккөздер	Саны (n)
Идентификация	Дерекқорлардан табылған материалдар (WoS, Scopus, ERIC, PsycINFO, Google scholar)	2,450
	Басқа дереккөздерден табылған материалдар	15
	Дубликаттар жойылғаннан кейінгі материалдар	1,855
Скрининг	Скринингтелген материалдар (тақырып және аннотация бойынша)	1,855
	Алынып тасталынған материалдар (сәйкес емес тақырыптар)	1,665
Жарамдылық	Толық мәтінді бағалау үшін ізделген есептер	190
	Толық мәтіні бойынша бағаланған мақалалар	190
	Толық мәтіні қолжетімді болса да, алынып тасталынған мақалалар (критерийлерге сәйкес емес)	160
Қосу	Жүйелі шолуға енгізілген түпкілікті мақалалар	28

Идентификация. Бастапқы іздеу нәтижесінде электронды дерекқорлардан бар-

лығы 2450 жазба анықталды. Олардың ішінде: WoS - 650, Scopus - 800, ERIC - 700,

PsycINFO - 300. Дубликаттарды автоматты түрде жою (EndNote бағдарламасы арқылы) және қолмен тексеру нәтижесінде 610 қайталанатын жазба алынып тасталды. Сонымен қатар, негізгі мақалалардың әдебиеттер тізімін қарау арқылы қосымша 15 маңызды іргелі еңбек табылды. Нәтижесінде скринингке 1855 материал жіберілді.

Скрининг. Бұл кезеңде 1855 материалдың тақырыптары мен аннотациялары қаралды. Тақырыбы мүлдем сәйкес келмейтін (мысалы, медициналық диагностика, пациенттің сауаттылығы, қаржылық сауаттылық) 1665 материал алынып тасталды. Бұл процесте екі зерттеуші тәуелсіз жұмыс істеді. Нәтижесінде толық мәтінді тексеру үшін 190 мақала іріктелді.

Жарамдылықты тексеру. 190 мақаланың толық мәтіні егжей-тегжейлі оқылып, әдіснамалық сапасы мен тақырыпқа сәйкестігі бағаланды. Бұл кезеңде 160 мақала келесі себептермен шығарылды: Бағалау сауаттылығының нақты анықтамасының болмауы немесе басқа ұғымдармен алмастырылуы (N=55). Эмпирикалық деректердің немесе әдіснамалық сипаттаманың әлсіздігі (N=45). Зерттеу нысаны мұғалімдер емес, тек білім беру саясатының құжаттары болуы (N=40). Нәтижелері ескірген және қазіргі контекстке сәйкес келмейтін зерттеулер (N=20).

Іріктеу. Нәтижесінде, осы жүйелі шолуға және сапалық синтезге 28 негізгі зерттеу жұмысы енгізілді. Бұл зерттеулер бағалау сауаттылығының әртүрлі аспектілерін (тұжырымдама, өлшеу, дамыту, контекст) қамтиды (2-кесте).

Нәтижелер

Таңдалған 28 зерттеу әдіснамалық тәсілдері бойынша алты негізгі кластерге топтастырылды. Бұл кластерлеу бағалау сауаттылығын зерттеудің эволюциясын және қазіргі трендтерін анық көрсетуге мүмкіндік береді.

1. Теориялық негіздер және тұжырымдамалық шолулар

Бағалау сауаттылығының тұжырымдамалық дамуын түсіну үшін біз бірнеше іргелі және соңғы шолу жұмыстарын талдадық. Бұл зерттеулер саладағы терминологиялық және парадигмалық өзгерістерді көрсетеді.

Хи және Brown өздерінің ауқымды шолуында 100-ден астам зерттеуді талдай отырып, мұғалімнің бағалау сауаттылығын статикалық білім жиынтығынан «Тәжірибедегі бағалау сауаттылығы» моделіне көшірді. Әдіснамалық тұрғыдан қос автор индуктивті тақырыптық кодтауды қолданды, бұл авторларға бағалау сауаттылығын иерархиялық емес, динамикалық, контекстке тәуелді және мұғалімнің жеке тұжырымдамаларымен тығыз байланысты жүйе ретінде сипаттауға мүмкіндік берді. Бұл модель бағалау сауаттылығын зерттеудегі «әлеуметтік бұрылысты» белгіледі.

Pastore [23] жүргізген жүйелі шолу 2013-2022 жылдар аралығындағы 42 зерттеуді қамтыды. Ғалымның талдауы бағалау сауаттылығының анықтамаларындағы өзгерістерді құжаттады: техникалық дағдылардан (тест құрастыру, балл қою) педагогикалық және этикалық компоненттерге (кері байланыс беру, әділдік) ауысу. Бұл зерттеу бағалау сауаттылығының эмоционалдық және тұлғалық аспектілеріне назар аудару қажеттілігін көрсетті.

Null және Vigh [24] дескриптивті шолу әдісін қолдана отырып, 15 шолу мақаласын «шолуларды шолу» (review of reviews) форматында синтездеген. Бұл мета-талдау бағалау сауаттылығының үш негізгі өлшемін анықтады: тұжырымдамалық (не?), өлшемдік (қалай өлшенеді?) және дамытушылық (қалай дамиды?). Қос автордың жұмысы саладағы зерттеулердің бытыраңқылығын азайтуға және бірыңғай түсінік қалыптастыруға бағытталған.

Johnston және Costello [25] өздерінің теориялық мақаласында бағалауды «әлеуметтік практика» ретінде қарастыруды ұсынды. Екі ғалым бағалаудың оқушылардың жеке басына, оқуға деген ынтасына және мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа әсерін зерттеді.

Бұл көзқарас бағалау сауаттылығын тек академиялық нәтижелермен шектемей, оқушының әл-ауқатымен байланыстырады.

2. Өлшеу құралдарын әзірлеу және валидациялау

Мұғалімдердің бағалау сауаттылығын өлшеу құралдары қарапайым білім тесттерінен күрделі, сценарийге негізделген модельдерге дейін дамыды.

Gotch және French [26] 1991-2012 жылдар аралығындағы 36 өлшеу құралын (тесттер, өзін-өзі бағалау парақтары, рубрикалар) психометриялық тұрғыдан талдады. Олардың жүйелі шолуы көптеген құралдардың валидтілігі мен сенімділігінің төмен екенін, әсіресе «нәтижелерді интерпретациялау» және «қолдану» аспектілері бойынша дәлелдердің жеткіліксіздігін анықтады. Бұл зерттеу саладағы өлшеу стандарттарын күшейту қажеттілігін көрсетті.

Mertler және Campbell [27] «Бағалау сауаттылығының инвентаризациясы» құралын әзірледі. Бұл құрал 1990 жылғы «Мұғалімдердің құзыреттілік стандарттарына» негізделген және 35 сценарийге негізделген сұрақтан тұрады. Авторлар екі кезеңді пилоттық зерттеу ($N=152$, $N=249$) арқылы құралдың сенімділігін ($KR20=.74$) дәлелдеді. Бағалау сауаттылығының инвентаризациясы ұзақ уақыт бойы саладағы «алтын стандарт» болып келді, бірақ ол негізінен дәстүрлі бағалау әдістеріне бағытталған.

Banitalebi, Estaji және Brown [28] TALIDE (Teacher Assessment Literacy in Digital Environments) құралын ұсыну арқылы өлшеу әдіснамасына жаңашылдық енгізді. Аталған ғалымдар цифрлық ортадағы бағалауды өлшеу үшін Бифакторлық растаушы факторлық талдауды қолданған. Бұл әдіс сұрақтардың сценарийге тәуелділігін ескере отырып, 5 негізгі рөлді (Судья, Коммуникатор, Моральдық агент, Білуші, Технолог) дәл өлшеуге мүмкіндік берді. Бұл зерттеу бағалау сауаттылығының көпөлшемділігін статистикалық тұрғыдан дәлелдеді.

Xin және Lo [29] CLIL мұғалімдеріне арналған арнайы инвентаризацияны әзірледі. 201 мұғалім қатысқан пилоттық зерттеу арқылы олар бағалау сауаттылығының пәндік ерекшеліктерін ескеру керектігін көрсетті. Бұл құрал мұғалімнің бағалау тәсілдерін, контекстік факторларды және сенімділік деңгейін қамтиды.

Jin және т.б. [30] GLAT (Generative AI Literacy Assessment Test) құралын жасап шығарды. Бұл құрал жоғары оқу орындары студенттерінің генеративті жасанды интеллектті пайдалану сауаттылығын бағалайды. Зерттеушілер Элементтерге жауап беру теориясын қолдана отырып, құралдың жоғары дәлдігін қамтамасыз етті. Бұл зерттеу технологиялық прогрестің бағалау сауаттылығының мазмұнына тікелей әсер ететінін көрсетеді.

3. Сандық және сауалнамалық зерттеулер

Сандық зерттеулер мұғалімдердің бағалау сауаттылығының деңгейін анықтауға және оған әсер ететін факторларды зерттеуге бағытталған.

DeLuca және Klinger [31] Канададағы 288 болашақ мұғалімнің бағалау сауаттылығын зерттеді. Факторлық талдау және ANOVA әдістерін қолдана отырып, олар арнайы бағалау курстарынан өткен студенттердің сенімділік деңгейі жоғары екенін анықтады. Алайда зерттеу бағалаудың теориялық және философиялық аспектілері бойынша олқылықтардың бар екенін көрсетті.

Volante және Fazio [32] канадалық бастауыш сынып мұғалімдерінің ($N=69$) бағалау сауаттылығын төрт жылдық бақылау арқылы зерттеді. Олардың нәтижелері болашақ мұғалімдердің өзін-өзі бағалау деңгейінің төмендігін және формативті бағалаудан гөрі суммативті бағалауға бейімділігін көрсетті.

Quainoo және т.б. [33] Ганадағы 406 мұғалімнің бағалау сауаттылығын ALI құралы арқылы зерттеді. Мақала авторлары Латентті профильдік талдау әдісін қолдана отырып, мұғалімдерді төрт про-

фильме бөлігі: «Деректерге бағытталған», «Әдіске және коммуникацияға бағытталған», «Дәлділікке бағытталған» және «Тұтас бағалаушылар». Бұл әдіс мұғалімдерді жай ғана «сауатты/сауатсыз» деп бөлуден гөрі, олардың күшті және әлсіз жақтарын нақтылауға мүмкіндік берді.

4. Аралас және сапалық зерттеулер

Бағалау сауаттылығының контекстік нюанстарын түсіну үшін зерттеушілер аралас және сапалық дизайнерлерді жиі қолдана бастады.

Cirocki және әріптестері [34] Индонезиядағы 320 болашақ ағылшын тілі мұғалімінің бағалау сауаттылығын зерттеу үшін тізбекті түсіндірмелі дизайнды қолданды. Алдымен сандық сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелерін түсіндіру үшін 37 қатысушымен жартылай құрылымдалған сұхбат ұйымдастырылды. Бұл тәсіл мемлекеттік және жекеменшік университеттер арасындағы дайындық сапасындағы айырмашылықтардың себептерін ашуға мүмкіндік берді.

Amirian [35] Ирандағы 250 ағылшын тілі мұғалімінің қалыптастырушы бағалау сауаттылығын (ҚБС) зерттеді. Аралас әдіс арқылы ол мұғалімнің жасы емес, оқыту тәжірибесінің ҚБС-ға көбірек оң әсер ететінін анықтады (регрессиялық талдау: $\beta=0.338$, $p<0.001$). Сапалық деректер «әлеуметтік-эмоционалдық бағалау» тақырыбын ашып, мұғалім мен студент арасындағы сенімнің маңыздылығын көрсетті.

Mirsanjari [36] ағылшын тілін академиялық мақсатта оқытатын ирандық мұғалімдерінің бағалау сауаттылығын дамытудағы курстардың рөлін зерттеді. Аралас әдіс курстардың тиімділігін көрсеткенімен, жүйелік кедергілердің (жоғары ставкалы тестілеу мәдениеті, институттық қарсылық) жаңа білімді практикаға енгізуге кедергі келтіретінін анықтады. Бұл нәтиже бағалау сауаттылығының тек біліммен шектелмейтінін, оның жүзеге асуына ортаның әсер ететінін дәлелдейді.

Tassone [37] Австралиядағы бастауыш мектептердегі сауаттылықты бағалау-

ды неолиберализм саясаты тұрғысынан зерттеді. Сапалық кейс-стади әдісі (сауалнама N=76, сұхбат N=30) арқылы ол бағалау саясатының орталықсыздандырылуы (devolution) мұғалімдерге автономия бергенімен, жоғары есеп берушілік (accountability) қысымының сақталғанын көрсетті.

Fulcher [38] тіл мұғалімдерінің бағалау сауаттылығына қатысты қажеттіліктерін анықтау үшін жаһандық сауалнама жүргізді. Оның зерттеуі бар сауалнамалардың әдіснамалық шектеулерін (жабық сұрақтардың басымдығы) сынап, мұғалімдердің нақты қажеттіліктерін (мысалы, қалай жасау керектігі емес, не үшін жасау керектігі) анықтауға бағытталған жаңа тәсілдерді ұсынды.

5. Студенттердің бағалау сауаттылығы

Зерттеу фокусының мұғалімдерден білім алушыларға ауысуы - маңызды әдіснамалық бұрылыс. Smith және т.б. [39] Аустралиядағы студенттердің бағалау сауаттылығын дамыту бойынша интервенциялық зерттеу жүргізді. Квази-эксперименттік дизайн қолданылған. Нәтижелер білім алушылардың бағалау критерийлерін түсінуі мен өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытудың олардың академиялық үлгеріміне оң әсер ететінін статистикалық түрде дәлелдеді.

Yang, Yan, Lan және Zhan [40] өздерінің іргелі еңбегінде білім алушылардың бағалау сауаттылығы тұжырымдамасын жүйеледі. Авторлар SSCI дерекқорындағы жарияланымдарға ауқымды талдау жасай отырып, студенттердің бағалау сауаттылығын дамытудың тиімді стратегияларын (өзін-өзі бағалау, өзара бағалау) ұсынды. Бұл жұмыс олардың бағалау сауаттылығын ХХІ ғасырдың негізгі дағдысы ретінде қарастырады.

Dorri және т.б. [41] Ирандық оқушылардың жазу дағдыларына LALE (Language Assessment Literacy Enhancement) бағдарламасының әсерін зерттеді. Аралас әдіс арқылы олар бағалау сауаттылығын арттыру оқушылардың «оқу ретіндегі бағалау» дағдысын дамытатынын көрсетті.

6. Жаңа технологиялар және контекстік ерекшеліктер

Henkel және т.б. [42] Ганадағы оқушылардың ауызша оқу дағдыларын бағалауда жасанды интеллект (Whisper V2) модельдерін қолдануды зерттеді. Бұл эксперименттік зерттеу ресурстары шектеулі аймақтарда технологияның бағалау процесін қалай автоматтандыра алатынын көрсетті. Модельдің адам бағалауымен корреляциясы өте жоғары (0.98) болды, бұл жасанды интеллектінің бағалау сауаттылығындағы әлеуетін айқындайды.

Tsagari және Rousoulioti [43] сирек оқытылатын тілдер мұғалімдерінің бағалау сауаттылығын арттыруды зерттеді. Аралас әдіс арқылы олар TALE жобасының материалдарына негізделген онлайн курстың тиімділігін бағалады. Бұл зерттеу «әмбебап» бағалау сауаттылығынан «тілге және мәдениетке тән» сауаттылыққа көшудің маңыздылығын көрсетеді.

Shafii және Berger [44] Танзаниядағы мұғалімдердің бағалау практикасына ауқымды шолу жасады. Қос автор 41 зерт-

теуді талдап, ресурс тапшылығы мен үлкен сыныптар жағдайында формативті бағалауды енгізудің қиындықтарын ашты.

Correia [45] бағалау сауаттылығы мен сыни сана арасындағы байланысты зерттеді. Бұл теориялық жұмыс бағалаудың әлеуметтік бақылау құралы ретіндегі рөлін сынап, мұғалімдерді бағалау жүйелеріне сыни көзқараспен қарауға шақырады.

Konadu [46] болашақ мұғалімдердің бағалау сауаттылығы туралы түсініктеріне жүйелі шолу жасады. 17 зерттеуді талдау нәтижесінде болашақ мұғалімдердің бағалау туралы түсініктерінің тапшылығы және оқыту бағдарламаларында практикалық дағдылардың жетіспеушілігі анықталды.

Зерттеуге енгізілген жұмыстардың жиынтық кестесі

Төмендегі кестеде (Кесте 3) осы жүйелі шолуға негіз болған және терең талданған негізгі зерттеулердің сипаттамалары келтірілген. Бұл кесте зерттеулердің географиялық, әдіснамалық және тақырыптық әртүрлілігін көрсетеді.

Кесте 3. Жүйелі шолуға енгізілген негізгі зерттеулердің сипаттамалық матрицасы

№	Автор(лар)жыл	Ел/Контекст	Зерттеу дизайны	Негізгі фокус және нәтижелер	Дереккөз
1	DeLuca & Klinger (2010)	Канада (Онтарио)	Сандық (Сауалнама)	Болашақ мұғалімдердің бағалау біліміндегі олқылықтарды анықтау; бағалау курстарының тиімділігін дәлелдеу.	[31]
2	Smith et al. (2011)	Австралия	Квази-эксперимент	Студенттердің бағалау сауаттылығын дамытудың оқу нәтижелеріне оң әсерін ($d=0.73$) дәлелдеу.	[39]
3	Fulcher (2012)	Ұлыбритания/Жаһандық	Сауалнама	Тіл мұғалімдерінің LAL қажеттіліктерін эмпирикалық жолмен анықтау және жаңа ресурстар әзірлеу.	[38]
4	Xu & Brown (2016)	Қытай/Жаңа Зеландия	Ауқымды шолу (Scoping)	TALIP моделін ұсыну (100 зерттеу негізінде) бағалау сауаттылығын контекстік жүйе ретінде қайта қарау.	[20]

5	Gotch & French (2014)	АҚШ/Халықаралық	Жүйелі шолу	1991-2012 жылдардағы 36 өлшеу құралының психометриялық сапасының төмендігін анықтау.	[26]
6	Shafii & Berger (2025)	Танзания	Ауқымды шолу	Ресурс тапшылығы жағдайындағы формативті бағалау практикасы (41 зерттеу).	[44]
7	Henkel et al. (2025)	Гана (Батыс Африка)	Эксперименттік	ORF бағалауда AI (Whisper V2) қолдану; адам бағалауымен жоғары корреляция (0.98).	[42]
8	Jin et al. (2025)	Австралия	Құралды әзірлеу	GLAT құралын әзірлеу; IRT және CTT арқылы GenAI сауаттылығын өлшеу.	[30]
9	Tassone (2025)	Австралия	Сапалық (Кейс-стади)	Неолибералдық контекстегі бастауыш сынып мұғалімдерінің бағалау практикасы.	[37]
10	Dorri et al. (2025)	Иран	Аралас әдістер	LALE бағдарламасының EFL оқушыларының жазу дағдылары мен AaL көзқарасына оң әсері.	[41]
11	Banitalebi et al. (in press)	Иран/Жаңа Зеландия	Құралды әзірлеу	TALIDE құралын әзірлеу; Бифакторлық модель арқылы цифрлық бағалау сауаттылығын өлшеу.	[28]
12	Amirian (2025)	Иран	Аралас әдістер	EFL мұғалімдерінің FAL деңгейіне тәжірибенің (experience) жасқа қарағанда көбірек әсер етуі.	[35]
13	Johnston & Costello (2005)	АҚШ	Теориялық	Бағалаудың әлеуметтік аспектілері; “reciprocity” және “resilience” ұғымдары.	[25]
14	Mertler & Campbell (2005)	АҚШ	Құралды әзірлеу	ALI құралын әзірлеу; мұғалімдердің бағалау сауаттылығын сценарий арқылы өлшеу.	[27]
15	Volante & Fazio (2007)	Канада	Сандық	Болашақ мұғалімдердің төмен өзін-өзі бағалау (self-efficacy) деңгейі және суммативті бағалауға басымдық беруі.	[32]
16	Yang et al. (2025)	Гонконг	Шолу/Кітап	Студенттердің бағалау сауаттылығын дамытудың теориялық және практикалық негіздері.	[40]
17	Mirsanjari (2025)	Иран	Аралас әдістер	EAP нұсқаушыларының LAL дамытудағы курстардың рөлі және жүйелік кедергілер.	[36]

18	Cirocki et al. (2025)	Индонезия/ Ұлыбритания	Аралас әдістер	Тізбекті түсіндірмелі дизайн; университет мәртебесінің (мемлекеттік/жекеменшік) LAL деңгейіне әсері.	[34]
19	Konadu (2025)	АҚШ	Жүйелі шолу	Болашақ мұғалімдердің бағалау түсініктеріндегі олқылықтар (17 зерттеу негізінде).	[43]
20	Tsagari & Rousoulioti (2025)	Грекия/Кипр/ Норвегия	Аралас әдістер	Сирек оқытылатын тілдер (LCTL) мұғалімдерінің бағалау сауаттылығын TALE арқылы дамыту.	[43]
21	Correia (2025)	Ұлыбритания	Теориялық	Бағалау сауаттылығы және сыни сана (critical consciousness); бағалаудың бақылау құралы ретіндегі рөлі.	[45]
22	Xin & Lo (2025)	Гонконг	Құралды әзірлеу	CLIL Teacher Assessment Literacy Inventory құралын әзірлеу және валидациялау.	[29]
23	Hull & Vigh (2025)	Венгрия	Дескриптивті шолу	Бағалау сауаттылығы бойынша 15 шолуды мета-талдау; тұжырымдамалық нақтылау.	[24]
24	Quainoo et al. (2025)	Гана	Сандық	CAL деңгейлері және мұғалімдердің профильдері (LPA әдісі).	[33]
25	Pastore (2023)	Италия	Жүйелі шолу	2013-2022 жылдардағы бағалау сауаттылығы зерттеулерінің жүйелі шолуы.	[23]
26	Popham (2009)	АҚШ	Теориялық/Пікір	Бағалау сауаттылығының “faddish or fundamental” екендігі туралы пікірталас.	[15]
27	Houten (2006)	АҚШ	Саясат құжаты	Шет тілін оқытудағы артикуляция және бағалау; NCLB актісінің әсері.	[47]
28	Stiggins (2002)	АҚШ	Теориялық	“Assessment Crisis” және бағалау сауаттылығының жетіспеушілігі туралы іргелі еңбек.	[48]

Талқылау

Бұл бөлімде талданған зерттеулердің әдіснамалық ерекшеліктеріне, күшті және әлсіз жақтарына, сондай-ақ болашақ зерттеулерге арналған импликацияларға сыни көзқараспен шолу жасалады.

Өлшеу парадигмасының ауысуы: Білімнен құзыреттілікке және санаға.

Бағалау сауаттылығын зерттеудің бастапқы кезеңінде [27,49] ғалымдар мұғалімдердің терминология мен стандарттарды қаншалықты меңгергенін анықтау үшін, негізінен тестілеуді қолданған. Бұл тәсіл

бағалау сауаттылығын статикалық білім қоры ретінде қарастырды. Алайда соңғы жылдары (2020-2025) зерттеушілер сценарийге негізделген құралдарға көшті. Banitalebi et al. [28] және Xin & Lo [29] жұмыстары көрсеткендей, бұл жаңа тәсіл мұғалімнің шынайы жағдайларда шешім қабылдау қабілетін дәлірек өлшейді. Сонымен қатар психометриялық талдау әдістері де күрделене түсті. Егер бұрын тек Cronbach's alpha немесе KR20 қолданылса, қазіргі зерттеулерде [28,30] элементтерге жауап беру теориясы және Бифакторлық модельдер қолданылады. Бұл бағалау құралдарының өлшеу дәлдігін арттырып, олардың көпөлшемді құрылымын ескеруге мүмкіндік береді.

Correia [45] жұмысы парадигманың «сыни санаға» қарай ауысып бара жатқанын көрсетеді. Бағалау енді тек өлшеу құралы емес, әлеуметтік әділеттілік пен билік қатынастарының құралы ретінде қарастырылуда.

Географиялық және контекстік инклюзивтілік

Бағалау сауаттылығын зерттеу географиясы соңғы онжылдықта түбегейлі өзгерді. Егер бұрынғы зерттеулер негізінен Батыс «WEIRD» (Western, Educated, Industrialized, Rich, Democratic) елдерінде жүргізілсе, қазіргі таңда Иран, Индонезия, Гана, Танзания сияқты елдердегі зерттеулер көбейді. Бұл зерттеулер [34,35,44] бағалау сауаттылығының «әмбебап» емес, мәдени және жүйелік контекстке тәуелді екенін дәлелдейді. Мысалы, Иран мен Қытайдағы емтиханға бағытталған жүйе мұғалімдердің қалыптастырушы бағалауды қолдануына кедергі келтіретіні анықталды. Бұл батыстық «Assessment for Learning» теорияларының басқа мәдени ортаға тікелей көшіріле алмайтынын көрсетеді. Дамушы елдердегі зерттеулер көбінесе ресурстардың жетіспеушілігі, сыныптардың толып кетуі және орталықтандырылған бақылау сияқты «жүйелік кедергілерді» ашуға бағытталған.

Технологиялық детерминизм және ЖИ интеграциясы

Цифрлық технологиялар мен Жасанды интеллекттің білім беруге енуі бағалау сауаттылығының мазмұнын түбегейлі өзгертті. Jin et al [30] ұсынған GLAT құралы және Henkel et al. [42] зерттеген сөйлеу модельдері мұғалімдер мен білім алушылардың «ЖИ сауаттылығын» бағалау сауаттылығының ажырамас бөлігі ретінде қарастыруды талап етеді. Бұл зерттеу әдіснамасындағы жаңа және қарқынды дамып келе жатқан тренд. Болашақта бағалау сауаттылығын зерттеушілер технологиялық құзыреттілікті міндетті түрде ескеруі керек.

Шектеулер және болашаққа бағдар

Шолу барысында анықталған негізгі әдіснамалық шектеу - көптеген зерттеудің әлі де болса «өзін-өзі бағалауға» сүйенуі. Gotch & French [26] және басқа зерттеушілер атап өткендей, мұғалімдердің өз білімі туралы пікірі мен нақты сыныптағы практикасы арасында айтарлықтай алшақтық болуы мүмкін. Сапалық және бақылауға негізделген зерттеулердің маңыздылығы осында жатыр, бірақ олардың саны әлі де аз. Болашақ зерттеулер үшін келесі ұсыныстар жасалады:

- Өзін-өзі бағалаудан нақты іс-әрекетті бақылауға және өнімдерді (бағалау жоспарлары, кері байланыс үлгілері) талдауға көшу.
- Кәсіби даму бағдарламаларының ұзақ мерзімді әсерін бағалау үшін ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізу.
- Бағалау процесінің негізгі субъектісі ретінде студенттердің пікірін зерттеуді кеңейту.
- Халықаралық озық тәжірибелерді Қазақстанның мәдени және білім беру ерекшеліктеріне бейімдеу арқылы жергілікті зерттеулер жүргізу.

Қорытынды

Бұл жүйелі шолу және мета-талдау жұмысы мұғалімнің бағалау сауаттылығын зерттеудің әдіснамалық эволюциясын айқын көрсетті. Біз статикалық білімді өлшеуден динамикалық, контекстік және

технологиялық құзыреттіліктерді бағалауға көшу үрдісін байқадық. PRISMA әдісін қолдану арқылы іріктелген 28 іргелі зерттеу бағалау сауаттылығының көп қырлы табиғатын ашып, оны зерттеуде әдіснамалық плюрализмнің қажеттілігін дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бағалау сауаттылығы - бұл техникалық дағды ғана емес, ол мұғалімнің кәсіби болмысының, сенімдерінің және әлеуметтік жауапкершілігінің көрінісі. Болашақ зерттеулерде сценарийге негізделген құралдарды, цифрлық сауаттылықты және объективті бақылау әдістерін көбірек қолдану ұсынылады. Бұл әдіснамалық тәсіл Қазақстандық контекстегі бағалау сауаттылығын зерттеу және дамыту үшін берік ғылыми негіз бола алады.

Жүргізілген ауқымды талдау нәтижесінде мұғалімнің бағалау сауаттылығына қатысты келесі түйінді тұжырымдар жасауға болады:

- а) Бағалау сауаттылығы енді тек «өлшеу техникасы» емес, «бағалау қабілеті» ретінде түсінілуі тиіс. Ол мұғалімнің білімін, дағдыларын, сенімдерін, эмоцияларын және этикалық ұстанымдарын қамтитын біртұтас кәсіби қасиет.
- ә) Бағалау практикасы вакуумде жүзеге аспайды. Гана, Иран және Танзания мысалдары көрсеткендей, ең жақсы теориялық дайындық та, егер ол жергілікті мәдени және жүйелік контекстпен (емтихан мәдениеті, ресурстар) үйлеспесе, сәтсіздікке ұшырайды. Қазақстандық білім беру жүйесі үшін батыстық модельдерді (мысалы, Финляндия немесе Кембридж тәсілдерін) көшіре салмай, оларды жергілікті таңым пен инфрақұрылымға бейімдеу өте маңызды.
- б) Жасанды интеллект және автоматтандыру бағалаудың ландшафтын қайта құру үшін болашақ мұғалім TALIDE және GLAT құзыреттіліктерін меңгерген «Технолог» және «Сыни ойшыл» болуы шарт. Бұл педагогикалық жоғары оқу орындарының бағдарламаларын түбегейлі жаңартуды талап етеді.
- в) Мұғалімдер бағалауды тек оқу құралы емес, әлеуметтік әділеттілік орнатудың немесе теңсіздікті бекітудің тетігі ретінде көре білуі керек.

Осылайша, мұғалімнің бағалау сауаттылығы – бұл XXI ғасырдағы педагогикалық кәсібиліктің ең динамикалық және стратегиялық маңызды компоненті. Оны дамыту үшін психометрикалық дәлдік, педагогикалық икемділік, цифрлық құзыреттілік және әлеуметтік жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі / References

1. Flórez Petour, M. T. Systems, ideologies and history: a three-dimensional absence in the study of assessment reform processes // *Assessment in Education: Principles, Policy and Practice*. – 2015. – Vol. 22, No. 1. – P. 3–26. <https://doi.org/10.1080/0969594X.2014.943153>
2. Roberts, C., Khanna, P., Lane, A.S., Reimann, P., Schuwirth, L. Exploring complexities in the reform of assessment practice: a critical realist perspective // *Advances in Health Sciences Education*. – 2021. – Vol. 26, No. 5. – P. 1641–1657. – <https://doi.org/10.1007/S10459-021-10065-8>
3. Ball, S.J. Education, governance and the tyranny of numbers // *Journal of Education Policy*. – 2015. – Vol. 30, No. 3. – P. 299–301. – <https://doi.org/10.1080/02680939.2015.1013271>
4. Torres, A.C., Weiner, J.M. The New Professionalism? Charter Teachers' Experiences and Qualities of the Teaching Profession // *Education Policy Analysis Archives*. – 2018. – Vol. 26. – Art. 19. – <https://doi.org/10.14507/epaa.26.3049>
5. Scheerens, J. Educational effectiveness and ineffectiveness: A critical review of the knowledge base // *Educational Effectiveness and Ineffectiveness: A Critical Review of the Knowledge Base*. – Dordrecht: Springer Netherlands, 2015. – <https://doi.org/10.1007/978-94-017-7459-8>
6. Hilton, G., Assunção, Flores, M., Niklasson, L. Teacher quality, professionalism and professional development: findings from a European project // *Teacher Development*. – 2013. – Vol. 17, No. 4. – P. 431–447. – <https://doi.org/10.1080/13664530.2013.800743>
7. Brown, G.T.L. The past, present and future of educational assessment: A transdisciplinary perspective // *Frontiers in Education*. – 2022. – Vol. 7. – Art. 1060633. – <https://doi.org/10.3389/FEDUC.2022.1060633>
8. Yan, Z. Assessment-as-learning in classrooms: the challenges and professional development // *Journal of Education for Teaching*. – 2021. – Vol. 47, No. 2. – P. 293–295. – <https://doi.org/10.1080/02607476.2021.1885972>

9. **Allal, L.** Assessment and the co-regulation of learning in the classroom // *Assessment in Education: Principles, Policy & Practice*. – 2020. – Vol. 27, No. 4. – P. 332–349. – <https://doi.org/10.1080/0969594X.2019.1609411>
10. **Black, P., Wiliam, D.** Classroom assessment and pedagogy // *Assessment in Education*. – 2018. – Vol. 25, No. 6. – P. 551–575.
11. **Cochran-Smith, M.** What's the "Problem of Teacher Education" in the 2020s? // *Journal of Teacher Education*. – 2023. – Vol. 74, No. 2. – P. 127–130. – <https://doi.org/10.1177/00224871231160373>
12. **Darling-Hammond, L.** Research on Teaching and Teacher Education and Its Influences on Policy and Practice // *Educational Researcher*. – 2016. – Vol. 45, No. 2. – P. 83–91. – <https://doi.org/10.3102/0013189X16639597>
13. **O'Neill, J., Adams, P.** The future of teacher professionalism and professionalism in teaching // *New Zealand Journal of Teachers' Work*. – 2014. – Vol. 11. – P. 1–2.
14. **DeLuca, C., LaPointe-McEwan, D., Luhanga, U.** Teacher assessment literacy: a review of international standards and measures // *Educational Assessment, Evaluation and Accountability*. – 2015. – Vol. 28, No. 3. – P. 251–272. – <https://doi.org/10.1007/S11092-015-9233-6>
15. **Popham, W.J.** Assessment literacy for teachers: Faddish or fundamental? // *Theory into Practice*. – 2009. – Vol. 48, No. 1. – P. 4–11. – <https://doi.org/10.1080/00405840802577536>
16. **Stiggins, R.** *The Perfect Assessment System*. – Alexandria: ASCD, 2017.
17. **Christoforidou, M., Kyriakides, L.** Developing teacher assessment skills: The impact of the dynamic approach to teacher professional development // *Studies in Educational Evaluation*. – 2021. – Vol. 70. – Art. 101051. – <https://doi.org/10.1016/J.STUEDUC.2021.101051>
18. **DeLuca, C., LaPointe-McEwan, D., Luhanga, U.** Approaches to Classroom Assessment Inventory: A New Instrument to Support Teacher Assessment Literacy // *Educational Assessment*. – 2016. – Vol. 21, No. 4. – P. 248–266. – <https://doi.org/10.1080/10627197.2016.1236677>
19. **Beziat, T.L.R., Coleman, B.K.** Classroom assessment literacy: Evaluating pre-service teachers // *The Researcher*. – 2015. – Vol. 27, No. 1. – P. 25–30.
20. **Xu, Y., Brown, G.T.L.** Teacher assessment literacy in practice: A reconceptualization // *Teaching and Teacher Education*. – 2016. – Vol. 58. – P. 149–162. – <https://doi.org/10.1016/J.TATE.2016.05.010>
21. **Moher, D., Liberati, A., Tetzlaff, J., Altman, D.G.** Preferred reporting items for systematic reviews and meta-analyses: the PRISMA statement // *BMJ*. – 2009. – Vol. 339, No. 7716. – P. 332–336. – <https://doi.org/10.1136/BMJ.B2535>
22. **Stiggins, R.** *Assessment literacy* // *Phi Delta Kappan*. – 1991. – Vol. 72, No. 7. – P. 534–539.
23. **Pastore, S.** Teacher assessment literacy: a systematic review // *Frontiers in Education*. – 2023. – Vol. 8. – Art. 1217167. – <https://doi.org/10.3389/FEDUC.2023.1217167>
24. **Hull, P., Vigh, T.** Teachers' assessment literacy: A descriptive literature review // *Hungarian Educational Research Journal*. – 2024. – Vol. 15, No. 2. – P. 210–225. – <https://doi.org/10.1556/063.2024.00317>
25. **Johnston, P., Costello, P.** Principles for literacy assessment // *Reading Research Quarterly*. – 2011. – Vol. 40, No. 2. – P. 256–267. – <https://doi.org/10.1598/RRQ.40.2.6>
26. **Gotch, C.M., French, B.F.** A systematic review of assessment literacy measures // *Educational Measurement: Issues and Practice*. – 2014. – Vol. 33, No. 2. – P. 14–18. – <https://doi.org/10.1111/EMIP.12030>
27. **Mertler, C.A., Campbell, C.** *Measuring Teachers' Knowledge & Application of Classroom Assessment Concepts: Development of the Assessment Literacy Inventory*. – 2005.
28. **Banitalebi, Z., Estaji, M., Brown, G.T.L.** Measuring teacher assessment literacy in digital environments: Development and validation of a scenario-based instrument // *Educational Technology and Society*. – 2025. – Vol. 28, No. 2. – P. 169–215. – [https://doi.org/10.3019/ETS.202504_28\(2\).RP10](https://doi.org/10.3019/ETS.202504_28(2).RP10)
29. **Xin, J.J., Lo, Y.Y.** Developing the CLIL teacher assessment literacy inventory // *System*. – 2025. – Vol. 133. – Art. 103776. – <https://doi.org/10.1016/J.SYSTEM.2025.103776>
30. **Jin, Y., Martinez-Maldonado, R., Gašević, D., Yan, L.** GLAT: The generative AI literacy assessment test // *Computers and Education: Artificial Intelligence*. – 2025. – Vol. 9. – Art. 100436. – <https://doi.org/10.1016/J.CAEAI.2025.100436>
31. **Deluca, C., Klinger, D.A.** Assessment literacy development: Identifying gaps in teacher Candidates' learning // *Assessment in Education: Principles, Policy and Practice*. – 2010. – Vol. 17, No. 4. – P. 419–438. – <https://doi.org/10.1080/0969594X.2010.516643>
32. **Volante, L., Fazio, X.** Exploring teacher candidates' assessment literacy: Implications for teacher education reform and professional development // *Canadian Journal of Education*. – 2007. – Vol. 30, No. 3. – P. 749–770.
33. **Quainoo, E. A., Asamoah, D., Baidoo-Anu, D., Ye, J., Akuamoah, Boateng, C.** Examining profiles of classroom assessment literacy among basic school teachers // *Cogent Education*. – 2025. – Vol. 12, No. 1. – <https://doi.org/10.1080/2331186X.2025.2558163>
34. **Cirocki, A., Anam, S., Drajati, N. A., Soden, B.** Assessment Literacy Among Indonesian Pre-service English Language Teachers: A Mixed-Methods Study // *Iranian Journal of Language Teaching Research*. – 2025. – Vol. 13, No. 1. – P. 23–44. – <https://doi.org/10.30466/IJLTR.2025.55691.2851>
35. **Amirian, S.M.R.** Understanding EFL teachers' formative assessment literacy: insights from a mixed-methods study // *Language Testing in Asia*. – 2025. – Vol. 15, No. 1. – P. 25. – <https://doi.org/10.1186/S40468-025-00363-Y>
36. **Mirsanjari, Z.** Enhancing assessment literacy in EAP

- instruction: the role of teacher development courses in overcoming systemic barriers // *Language Testing in Asia*. – 2025. – Vol. 15, No. 1. – P. 30. – <https://doi.org/10.1186/S40468-025-00368-7>
37. **Tassone, M.** Literacy assessment in the early years of schooling in an era of neoliberalism // *Journal of Early Childhood Literacy*. – 2025. – Vol. 25, No. 2. – P. 422–462. – <https://doi.org/10.1177/1468798423116119>
 38. **Fulcher, G.** Assessment literacy for the language classroom // *Language Assessment Quarterly*. – 2012. – Vol. 9, No. 2. – P. 113–132. – <https://doi.org/10.1080/15434303.2011.642041>
 39. **Smith, C.D., Worsfold, K., Davies, L., Fisher, R., McPhail, R.** Assessment literacy and student learning: the case for explicitly developing students 'assessment literacy' // *Assessment & Evaluation in Higher Education*. – 2013. – Vol. 38, No. 1. – P. 44–60. – <https://doi.org/10.1080/02602938.2011.598636>
 40. **Yang, M., Yan, Z., Yang, L., Zhan, Y.** Using Self-assessment to Develop Student Assessment Literacy // *Understanding and Developing Student Assessment Literacy*. – Springer, 2025. – P. 41–49. – https://doi.org/10.1007/978-981-97-9484-3_3
 41. **Dorri, A., Tabrizi, H. H., Lotfi, A.** The Impact of Language Assessment Literacy Enhancement (LAE) on Iranian High School EFL Students' Knowledge of Assessment as Learning in Writing // *International Journal of Language Testing*. – 2025. – Vol. 15, No. 1. – P. 40–53. – <https://doi.org/10.22034/IJLT.2024.444115.1327>
 42. **Henkel, O., Horne-Robinson, H., Hills, L., Roberts, B., McGrane, J.** Supporting Literacy Assessment in West Africa: Using State-of-the-Art Speech Models to Assess Oral Reading Fluency // *International Journal of Artificial Intelligence in Education*. – 2025. – Vol. 35, No. 1. – P. 282–303. – <https://doi.org/10.1007/S40593-024-00435-9>
 43. **Tsagari, D., Rousouloti, T.** Enhancing Assessment Literacy for Teachers of Less Commonly Taught Languages: Insights from Greek as a Second Language // *Trends in Higher Education*. – 2025. – Vol. 4, No. 1. – P. 12. <https://doi.org/10.3390/HIGHEREDU4010012>
 44. **Shafii, R.A., Berger, J.L.** Teacher assessment literacy, formative assessment practices, and their perceived efficacy in Tanzania: A scoping review // *Studies in Educational Evaluation*. – 2025. – Vol. 86. – Art. 101496. – <https://doi.org/10.1016/J.STUEDUC.2025.101496>
 45. **Correia, C.F.** Assessment literacy and critical consciousness // *Oxford Review of Education*. – 2025. – <https://doi.org/10.1080/03054985.2025.2533238>
 46. **Konadu, B.O.** Pre-Service Teachers' Understanding and Perceptions Toward Assessment Literacy: A Systematic Review // *Psycho-Educational Research Reviews*. – 2025. – Vol. 14, No. 1. – P. 24–34. – https://doi.org/10.52963/PERR_BIRUNI_V14.N1.03
 47. **Van Houten, J.B.** Achieving articulation through assessment // *New Visions in Action: National Assessment Summit Papers* / ed. M. H. Rosenbusch. – 2006. – P. 9.
 48. **Stiggins, R.J.** Assessment crisis: The absence of assessment for learning // *Phi Delta Kappan*. – 1999. – Vol. 83, No. 10. – P. 758–765. – <https://doi.org/10.1177/003172170208301010>
 49. **Plake, B.S., Impara, J.C., Fager, J.J.** Assessment Competencies of Teachers: A National Survey // *Educational Measurement: Issues and Practice*. – 1993. – Vol. 12, No. 4. – P. 10–12. – <https://doi.org/10.1111/J.1745-3992.1993.TB00548.X>

Развитие оценочной грамотность учителя: систематический обзор литературы

Е.Ж. Сармурзин¹, Ә.Қ. Алматыева^{*2}

¹Карагандинский национальный исследовательский университет
имени академика Е.А. Букетова
г. Караганда, Республика Казахстан

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
г. Туркестан, Республика Казахстан



Аннотация. Данная обзорная статья посвящена анализу многогранной эволюции, методологической трансформации и практического применения концепции оценочной грамотности учителя в современной системе образования. Исследование рассматривает траекторию развития оценочной грамотности от традиционной психометрической парадигмы до социокультурных и контекстуальных моделей. Работа основана на анализе более чем 28 фундаментальных международных исследований, охватывающих период 2005-2025 годов. В статье обосновывается, что оценочная компетентность учителя является не просто набором технических навыков, а мощным инструментом повышения качества обучения, развития способ-

ности учащихся к саморегуляции и снижения образовательного неравенства.

Особое внимание уделено вызовам цифровой эпохи. Показано, что появление искусственного интеллекта и автоматизированных систем оценивания радикально изменило содержание оценочной грамотности и требует использования новых измерительных инструментов, таких как TALIDE (Teacher Assessment Literacy in Digital Environments) и GLAT (Generative AI Literacy Assessment Test). В заключительной части исследования предлагаются новые стратегии развития оценочной грамотности в казахстанской системе образования контекстуально адаптированные, технологически интегрированные и этически обоснованные.



Ключевые слова: оценочная грамотность учителя, оценочная компетентность, цифровые среды оценивания, искусственный интеллект, автоматизированные системы оценивания.

Developing teacher assessment literacy: Systematic literature review

Y. Sarmurzin¹, A. Almatova^{2*}

¹Buketov Karaganda National Research University,
Karaganda, Republic of Kazakhstan

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, Republic of Kazakhstan



Abstract. This review article provides a comprehensive analysis of the multifaceted evolution, methodological transformation, and practical application of the concept of Teacher Assessment Literacy (TAL) within the contemporary educational ecosystem. The study traces the developmental trajectory of assessment literacy, originating from traditional psychometric paradigms and shifting towards socio-cultural and contextual models. The review is grounded in a systematic analysis of over 28 fundamental international studies spanning the period from 2005 to 2025.

The article substantiates that teacher assessment competence is not merely a technical skill set but a potent instrument for enhancing instructional quality, fostering student self-regulation, and mitigating educational inequalities. Particular attention is devoted to the imperatives of the digital era. It is argued that the advent of artificial intelligence and automated assessment systems has fundamentally reconfigured the construct of assessment literacy, necessitating the adoption of novel measurement frameworks such as TALIDE (Teacher Assessment Literacy in Digital Environments) and GLAT (Generative AI Literacy Assessment Test). The study concludes by proposing context-adapted, technologically integrated, and ethically grounded strategies for the advancement of assessment literacy within the Kazakhstani educational landscape.



Keywords: teacher assessment literacy, assessment competence, digital assessment environments, artificial intelligence, automated assessment systems

Мақала баспаға 10.08.2025 келіп түсті